**Кездесу**

# ТУҒАН ЖЕРГЕ ТАҒЗЫМ - ПЕРЗЕНТТІК ПАРЫЗ

Шет аудандық балалар кітапханасында «Туған жерге тағзым» жобасы аясында жергілікті ақын, Ы.Алтынсарин төсбелгісінің иегері Тезекбай Амандықұлымен кездесу ұйымдастырылды.

Туған өлкенің ақын - жазушылардың шығармаларын насихаттау, олардың еңбек, өнегелі өмір жолдарын өскелең ұрпаққа үлгі ету мақсатында «Туған жерге тағзым - перзенттік парыз» Қазір де қаламы қолынан түспеген Тезекбай ақын шығармашылықпен айналысу үстінде.

Өлеңді өмірінің өзегіне айналдырған ақынның әдеби кешіне аудандық аналар кеңесінің төрайымы, кәсіпкер-құрылтайшы, «Фатих-Сұлтан» және «Сұлтан-2019» бөбекжайларының директоры, Мәдениет қайраткері Гүлшара Ахметова оқырмандарға ақ тілегін, ақынға жүрек жарды лебізін айтып өтті.



деген тақырыпта тағылымды кеш өтті.

Шараның мақсаты - жерлесіміз, ақын, Ы.Алтынсарин төсбелгісінің иегері Тезекбай Амандықұлының өмірімен, шығармашылық еңбегімен таныстыру, жырларының құдіретін сезіну, ақын өлеңдері арқылы халқына, тілге, Отанға деген сүйіспеншілік ' сезімдерін одан әрі дамыту болып табылады.

Аталмыш шараны жүргізген кітапханашы А.Сабыртаева келген қонақтарға дарынды ақынның өмірбаяны мен шығармашылығы туралы айтып, аудан көлеміндегі мәдени шаралардың өтуіне, талантты жас ақындарды іріктеп, олардың өнерлерінің ұшталуына ықпал етіп келе жатқанын қазіргі танымал ақындар Тілеген Садықов, Жәнібек Әлиман, Жанас Мұқаштардың өнерін оқушы кезінде бағалап, олардың облыстық, республикалық байқауларға қатысып, өнерлерін дамытуына игі ықпал еткенін тілге тиек етіп өтті. Сонымен қатар олардың әрқайсысы Тезекбай Амандықұлын рухани ұстазымыз деп бағалайтынын жеткізді.



Шара барысында ақынның мектеп қабырғасындағы кездерін еске алып, ақын жайында ұстазы Манап апай мен бірге жүрген жолдасы Қантай ағайдың лебіздері бейнесюжет арқылы кеш қонақтарына көрсетілді.

Кітапхана қызметкерлерінің арнайы дайындаған жергілікті ақынның шығармашылығынан сыр шертетін «Ел іші - жұмақ мекенім» атты көрме жасақталды. Көрмеде ақынның кітаптары, әр басылымдарда жарық көрген мақалалары мен әр жылдары түскен фотосуреттері қойылды.

Өнер өлкесінде өзінің тәтті өлеңдерімен танылған, қаламгер ақынмен жүздесуде оқырмандар көкейлерінде жүрген сауалдарын қойып, ақын өмірі мен шығармашылығынан толықтай танысып, көптеген сиясы кеппеген өлеңдерімен қанықты. Кітапхана жанынан құрылған «Мұрагер» әдеби клубының мүшелері Ақтан Айбын, Мейрам Ерназар ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқып, жиналғандардың ыстық ықыласына бөленді.

Тағылымды кештің қонағы, ақын Тезекбай Амандықұлы өзіне құрмет білдірген кітапхана ұжымына, кітапхана оқырмандарына ақ тілегін арнап, көкейінде жүрген ойларын, игі ниетін жеткізді.

Кездесу соңында жергілікті ақын оқырмандарға өз қолтаңбасын қалдырып, естелік суретке түсті.

**Ләззат ШІЛІКБАЕВА,**
**аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі.**